

Қамқоршылық кеңесінің отырысы

Өткізу мерзімі: 17.09.2020 ж.

Өткізу орны: «Ә.Марғұлан атындағы жалпы білім беретін орта мектебі» КММ

Отырыстың басталуы: 11.00

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңестің мүшелері: 10 адам

Музапарова Л.К., Акимбекова А.А., Тұрсынбек Ж.К., Жумагельдинов М.С.,

Аденова Т., Идрисова Ж.Т., Есмағамбетов Ж.Т., Сулейменов К.М., Абдуллина Л.З.,
Игсатова И.К.

Шақырылғандар: Мектеп директоры Смагулов М.А., директордың орынбасарлары
Енсебаева А.М., Букирова Г.С.

Күн тәртібі:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі «Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» № 355 бұйрығымен таныстыру.
2. Қамқоршылық кеңестің құрамын бекіту.
3. Қамқоршылық кеңес мүшелерін жылдық жоспарымен таныстыру.

Тыңдалды:

Музапарова Л.К.

Өз сөзінде, ең алдымен, Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығы негізінде қамқоршылық кеңес құрамына осы азаматтарды шақырамыз. Қамқоршылық кеңес – білім беру ұйымдарында алқалы орган болып табылады және оның қызметін және дамуын қамтамасыз етуге ықпал жасау мақсатында құрылады. Қамқоршылық кеңестің құрамына: Жергілікті өкілдік, атқарушы және құқық қорғау органдарының, коммерциялық емес ұйымдардың, жұмыс берушілер мен әлеуметтік әріптестер өкілдері, қайырымдылық жасаушылар тағайындалады. Қамқоршылық кеңесі мектептегі балалардың қажетіне пайдаланылатын материалдық жағдайын қамтамасыз ету, әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларынан шыққан оқушыларға қолдау және мектепке материалдық көмек көрсету үшін құрылады. Қамқоршылық кеңес ұйымына барлығымыз бірлікте атсалысып, отбасы мен мектептің байланысын күшейтуіміз керек, сонда ғана біз жақсы нәтижеге жетеміз.

2. 2020-2021 оқу жылындағы қамқоршылық кеңесінің құрамы бекітіліп, жаңа оқу жылының жұмыс жоспары ұсынылды.

Қаулы:

1. Музапарова Л.К.- Қамқоршылық кеңесінің төрайымы, Абдуллина Л.З. хатшы болып тағайындалсын.
- 2.Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары бекітілсін.
- 3.Қамқорлық науқандары ұйымдастырылсын.

Кеңес төрайымы:

Хатшы:



Л.К.Музапарова

Абдуллина Л.З.